

Мұнайға тіркелген /ренталық/ төлемдердің ставкалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 22 қазан N 1184. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.01.05. N 764 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылдың 20 қазанынан бастап мұнай сатудан алынған

түсімнен төленетін тіркелген /ренталық/ төлемдердің ставкалары "Маңғыстаумұнайгаз", "Өңқазмұнайгаз" акционерлік қоғамдарына 15 процент, "Теңізмұнайгаз", "Ембімұнай" акционерлік қоғамдарына 10 процент, "Қаражанбастерммұнай", "Ақтөбемұнай" акционерлік қоғамдарына 5 процент мөлшерінде белгіленсін.

2. "Мұнай мен көмірге тіркелген ренталық төлемдердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 мамырдағы N 498 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 22, 221-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі